

«Момынай» жалпы білім беретін мектеп»КММ

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2025- 2026 оқу жылы

Мектеп кітапханасында өткізілген іс шаралардың мәліметі

Адамның ойын байытып,сауатын жоғарылатып,білім нәрімен сусындататын орта –кітапхана.

«Момынай» жалпы білім беретін мектеп кітапханасы 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру,пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» №44 бұйрығына және 2016 жылғы 28 қаңтардағы « Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» №91 бұйрығына сүйене отырып сонымен қатар мектеп кітапхана ісі туралы типтік ережесі негізінде кітапхана жұмысын жоспарлап, төмендегі жұмыстарды атқарды.

2025-2026 оқу жылында жаңа бағдарлама бойынша 4- сыныпқа «Русский язык», «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері», «Жаратылыстану»,»Ағылшын тілі» оқулықтары және «Цифрлық сауаттылық» электронды нұсқада қазақ тілдерінде электронды платформа арқылы сұраныс беріліп алынды.

7 сыныптың оқулықтары 8 сыныпқа «География», 10 сыныпқа «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», 11сыныпқа «Құқық негіздері» жаратылыстану және қоғамдық гуманитарлық бағыттарға,11сыныпқа «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндері алынып оқушыларға таратылып берілді .Оқушылар оқулықпен 100 пайыз қамтамасыз етілді.Сонымен қатар «Алматыкітап», «Мазмұндама », «Шұғыла кітап, «Арман ПВ», «Еркін Ой» баспаларынан көркем әдебиеті кітапхана қорына келіп толықтырылды.

Кітапхана жұмысының көрсеткіштері:

Қазіргі таңда кітапхана қорында : 11812

Оның ішінде оқулық саны: 7237

Көркем әдебиет саны: 4575

Кітапхана оқырман саны :343

Кітапханаға келімі:2757

Кітаптың берілімі:3292

Оқулықпен қамтылуы : 100 пайыз

Кітап қорының өсуі:899

Қазіргі заманғы мектеп кітапханасының міндеті оқу тәрбиесіне сай болу, мектеп ісінің дамуына үлес қосып, оқушылардың оқуы мен тәрбиесіне белсенді түрде жәрдем беру. Кітап әлеміне алғаш есік ашып келген жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне қарай кітап оқу мәдениетін меңгерту. Оқушылардың жан жақты білім алуына, әр түрлі ақпарат көздерін таба білуге, өз бетінше ізденуін қалыптастыру.

Оқушылардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру мақсатында «Адал азамат біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Балалар кітапханасы» аясында әр түрлі іс шара іске асырылды.

1 қыркүйек «Білім күні», «Мектебім мейірім- мекенім» мектеп кітапхана фойесінде «Жаңа буын оқулықтары» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: жаңартылған мазмұндағы оқулықтармен таныстырылым жасау.

05 қыркүйек 2025 жыл. Қазақстан халықтарының тілдері күні, аудармашы зертеуші, алаш зиялысы тіл жанашыры, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай «Тіл ұлттың айнасы» иллюстрациялық көрме, поэтикалық марафон ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, ана тілімізде таза сөйлеу, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншіліктерін ояту. Тіл туралы ақын-жазушылардың нақыл сөздері, өлеңдері, қызықты фактілері кітап көрмесі іс-шараның мағынасын аша түсті. Іс-шараға 4-5 «А», 5 «Ә», сыныптар атсалысты

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Сөз маржаны- кітап әлемінде» кітап көрмесі, «Мен қазақпын!» рухының жыршысы Жұбан Молдағалиев – 105 жыл . 8 сынып оқушыларымен әдеби кеш өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1HAsEfieQj>

«Адал азамат біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Абай әлемі ұрпақ әлемінде» әдеби кеш, «Абайдың рухани мұрасы» кітап көрмесі.

<https://www.facebook.com/share/v/17Zb11qBdd>

*Балалар кітапханасы*жобасы аясында 24 қазан Кітапханашылар күніне орай «Шын жүректен кітап сыйла» акциясы өткізілді. Мақсаты: Кітаптың білім көзі ретіндегі рөлін түсіндіру, оқудың адам өміріндегі маңыздылығын баса көрсету.

- Кітап оқуды насихаттау, кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыру.
- Қоғамда кітап сыйлау дәстүрін дамыту.
- Оқушылар мен оқырмандарды қайырымдылыққа баулу.

Акция аясында кітапхана қорына -7 кітап және 10 дана Абайдың қарасөздері жазылған кітапшалар сыйға берілді Мақсаты: Кітаптың білім көзі ретіндегі рөлін түсіндіру, оқудың адам өміріндегі маңыздылығын баса көрсету.

- Кітап оқуды насихаттау, кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыру.
- Қоғамда кітап сыйлау дәстүрін дамыту.
- Оқушылар мен оқырмандарды қайырымдылыққа баулу.

Акция аясында кітапхана қорына -7 кітап және 10 дана Абайдың қарасөздері жазылған кітапшалар сыйға берілді

<https://www.facebook.com/share/v/1CW2fvcepZ>

Күзгі демалыста «Біз құмарлықпен кітап оқимыз!» Отбасылық кітап оқу

<https://www.facebook.com/share/v/17bB51cyzN/>

«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында

25 қазан –Республика күні «Тарихы сырлы,ертеңі нұрлы ғажап ел!»тарихи танымдық сағат.Төменгі оқырман тобы

Мақсаты: Мақсаты: Оқушылардың туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, туған өлкенің ақын-жазушыларының шығармашылығымен таныстыру, ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыру.

Іс – шара барысы:Жергілікті ақын жазушылардың кітаптарымен таныстыра отырып, бейне жазба көрсетілді.Қазақстан мемлекеттік рәміздеріміз туралы түсінік берілді.

«Халықаралық мектеп кітапханаларының айлығы» 17. 10-17. 11.25 ж Ұлттық құндылықтар «Сүйікті кітапқа иллюстрация» байқауы

<https://www.facebook.com/share/r/17hR2GmZwR/>

«Мен және кітап» тақырыбында 5-7 сыныптар арасында иллюстрациялық сурет байқауы өткізілді. Жеңімпаз 7 сынып оқушылары

<https://www.facebook.com/share/p/1CwmFj625V/>

Кітап сыйла рухани байлық сыйла . 14 ақпан «Кітап сыйла - болашаққа жол аш» тақырыбындағы кітап сыйлау акциясы

Мақсаты:кітап оқуды насихаттау,жас ұрпақтың рухани дүниесін байыту,оқырмандардың кітапқадеген қ арттыру және қоғамжда кітап сыйлау мәдениетін қалыптастыру.Сонымен қатар ,кітап қорының толығуына үлес қосып,білім мен тәрбиенің бастауы болған кітаптың құндылығын дәріптеу.Іс- шара аясында кітапхана қоры 4 дана көркем әдеби кітаппен толықтырылды.

«Ұмытылмас ұлы тұлға» қоғам қайраткері,ғұлама ғалым Д.А. Қонаевқа портреттік кеш

<https://www.facebook.com/share/p/1DGjppAqHU/>

«Адал азамат»бірбіртұтас тәрбие бағдарламасы , «Балалар кітапханасы»жобалары аясында «Менің сүйікті кітабым»,»Бір сынып бір кітап», «Кітап оқу арқылы біз нені үйренеміз?» дөңгелек үстел.

Қатысушылар:8, 9, 10 сыныптың оқушылары

<https://www.facebook.com/share/p/1GV7JDLdd8/>

«Адал азамат» біртұта тәрбие бағдарламасы аясында 9 ақпан Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына «Жырлайды қазақ жүрегі» әдеби кеш, «Өлеңім өмір айнама»тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын насихаттау,оқушылардың поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру,ақын өлеңдері арқылы туған жерді ,елді, ана тілді қадірлеуге тәрбиелеу. Ақын жырларындағы адамгершілік махаббат,отансүйгіштік қасиеттерді үлгі ете отырып, оқушылардың көркем сөз оқу шеберлігін ,шығармашылық қасиетін дамыту

Іс шараға:5-8 сыныптар арасынан ақынның өлеңдерін сүйіп оқитын оқырмандар қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/18JGKQg3BT/>

«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Алаш көсемі ,тарихтанушы қоғам қайраткері ,саясаткер Әлихан Бөкей -160 жыл. «Алты Алаштың арысы» тақырыбында 10сынып оқушыларына тарихи сағат . 16 оқушы қатысты <https://www.facebook.com/share/p/14VzdyFRf9u/>

«Кітаппен келген көктем» тақырыбында гайдбук арқылы ұсынылған кітаптарды оқып досымен бөлісу.

<https://www.facebook.com/share/r/1CsXiWGASt/>

<https://www.facebook.com/share/r/1F19682yk8/>

2 сәуір- «Халықаралық балалар кітабы күні» күніне «Баланың қиялын ұштайтын-кітап » тақырыбымен кітап көрмесі жасалынып таныстырылды
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02MPe8JXBTYSgKtSjUaiVgP4PWrZwfiNPAj9eHogsqXPwLvTVqmcuKYuwLRsBCqFctl&id=100038183341321&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f.

«Аңызға айналған- алып» тақырыбында Қажымұқан Мұңайтпасовқа - 155 жыл 6 -7 сыныптармен танымдық сағат өткізілді. Кітап көрмесі насихатталды.

23 сәуір Ұлттық кітап күніне он күндік декаданың жоспары жасалынып іс шаралар аудандық ,аймақтық мектептермен бірге өткізілді.

Мектеп кітапханасында «Кітаппен кемел келешекке » ашық есік күні, «Кітап-білім бұлағы» тақырыбында 10 сыныппен зияткерлік ойын- викторина, ал 3-4 сынып оқушыларымен «Журнал оқып,ойынды дамыт» шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. <https://www.facebook.com/share/p/1C7a8k7jnm/>,
<https://www.facebook.com/share/p/1Bhm3uwrNW/>,

«Тамшының шытырман оқиғасы» эко ертегілер әлемі
<https://www.facebook.com/share/p/1E1bDavVzw/>

Қазақтың көрнекті композиторы, дирижері, академигі Ахмет Жұбановтың жылдығы 6-7 өтті сыныптармен өткізілді.
<https://www.facebook.com/share/p/1E1bDavVzw/>

2025-2026 оқу жылының соңында мектеп кітапханасына оқушы қолындағы оқулықтарды кесте бойынша уақтылы көрсетілген мерзімде түгел жинап алынды. Сақталуын сынып жетекшілермен бірге саралап тексеріп шықтық. Жыртылған оқулықтар қайта желімдеп, реттелді. Жыл басында оқушы қолына оқулықтарды 100 пайыз берілсе, жыл соңында 100 пайыз жинап алынды.

Кітапхана меңгерушісі: Ж.Шымыралиева